	Бұйымды орнату үшін орын дайындау, оның ішінде электр желісін, су құбыры мен кәрізді бұйымды қосуға дайындау сатып алушының міндеті болып табылады.
	Бұйымды орнатуды және оны электр желісіне қосуды сервис орталығының мамандары орындауы тиіс. Дайындаушы-компания оған құқығы жоқ тұлғалардың жұмыстарды орындау нәтижесінде туындаған залал үшін жауап бермейді.
	Орнату алдында бұйымды ақаулардың болуына қатысты тексеру қажет. Егер ондайлар бар болса, өнімді орнатпаңыз. Зақымданған бұйымдар жазатайым оқиғаға себеп болуы мүмкін.
	Бұйымды орнату немесе тазалау кезінде жылжыту кезінде электр қуаттандыру бауының, құю және ағызу шлангыларының майысуына, қысылуына немесе зақымдануына жол бермеңіз.

3.1. Кезең-кезеңмен орнату

1-Қадам. Орнату орнын таңдау


- Оңтайлы өнімділік үшін машинаны қатты еденге орнату керек. Аспапты ұзын түкті кілем жабынына немесе ұқсас беттерге орнатпаңыз.
- Ағаш едендерді діріл деңгейін және/немесе біркелкі емес жүктемелену мүмкіндігін төмендету үшін бекіту қажет болуы мүмкін. Кілем жабындары мен кафель едендері дірілге төзімді емес, және кір жуғыш машина сығу кезінде біршама жылжуы мүмкін.
- Кептіргіш автоматын кір жуғыш машинаға орнатқан жағдайда толық жүктеу кезінде аспаптың жалпы салмағы шамамен 180 кг-ды құрайды, сондықтан оларды тек осындай жүктемеге төзімді тегіс қатты еденге ғана орнату керек.
- Аспапты қуаттандыру бауының үстіне қоймаңыз.
- Аспапты температура 0 ° С-ден төмен түсуі мүмкін үй-жайларға орнатпаңыз. Аспап тікелей күн сәулесі әсерінен қорғалуы қажет.
- Аспап пен басқа жиһаздың арасында кемінде 1 см саңылау қалуы тиіс.

2-Қадам. Қаптама материалдарын жою


	Қаптама материалдары балаларға қауіп төндіруі мүмкін. Барлық қаптама материалдарын (пластикалық және полистирол пакеттері мен т.б.) балалардың қолы жетпейтін орынға орналастырып кәдеге жаратыңыз.

3-Қадам. Тасымалдау бекітпелерін жою


	Қаптама материалдарын жоймағанша, тасымалдау бекітпелерін шешіп алмаңыз.



Бұрандаларды гайка кілтімен босатыңыз, олар бос айналатындай болуы қажет.(C)



Пластмасса және резеңке төлкелері бар қауіпсіздік транзиттік болттарды абайлап бұрап алыңыз және алыңыз.



Артқы қабырғадағы саңылауларды нұсқаулықпен бірге қапшықта орналасқан пластикалық тығындармен жабыңыз. (P)

	ЕСКЕРТУ: Кір жуғыш машинаны пайдаланар алдында тасымалдау бұрандаларын шығарыңыз! Бұл шартты орындамау машинаның сынуына әкеп соғады.




3 Орнату

	Егер кір жуғыш машинаны тасымалдау қажет болса, сақтандырғыш бұрандаларын сақтап қойыңыз.
	Егер сақтандырғыш тасымалдау бұрандалары орнатылмаса, бұйымды тасымалдауға тыйым салынады.


4-Қадам. Аяқшаларын реттеу

⚠	Кір жуғыш машина тыныш және дірілсіз жұмыс істеуі үшін, ол түзу және орнықты тұруы қажет. Аяқшалардың биіктігін реттеп, машинаны түзетіңіз. Егер мұны жасамаса, машина өз орнынан жылжып кетуі мүмкін, бұл жоғары діріл мен зақымдарға әкеледі.


1. Қолмен аяқшалардағы контргайкаларды босатыңыз.



2. Машина түзу және орнықты тұруы үшін аяқшалар биіктігін реттеңіз.



3. Содан кейін қолмен барлық контргайкаларды тартыңыз.




⚠	Контргайкаларды босатқанда оларды зақымдамау үшін, қандай да бір саймандарды қолданбаңыз.

5-Қадам. Суқұбырына қосу

	Машинаның қалыпты жұмыс істеуі үшін су беру жүйесіндегі қысым 1- ден 10 бар (0,1-1 МПа) шегінде болуы тиіс. Бұл ретте толық ашық кран жағдайында су шығыны минутына 10-80 литр суды құрайды. Егер су құбырында қысым біршама жоғары болса, редукциялық клапан орнату қажет.
	Егер екі су қабылдағыш келтеқұбыры бар бұйымды бір су (суық) келтірімі бар бұйым ретінде пайдалану ұйғарылса, ыстық су қабылдағыш клапанына тығын орнату керек (бұл тығын жинақталымына кіретін бұйымдарға қатысты).
⚠	Бір су беру келтеқұбыры бар модельдерді ыстық су кранына қосуға болмайды. Бұл жағдайда киім-кешек бұзылады, немесе қорғаныс жүйесі іске қосылады және машина жұмысын тоқтатады.

⚠	Жаңа кір жуғыш машина үшін бұрын пайдаланылған құю шлангілерін пайдаланбаңыз. Бұл киім-кешекте дақтардың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

1. Жинақтағы арнайы шлангты кір жуғыш машинаның су құятын құбырына жалғаңыз. Барлық гайкаларды қолмен тартыңыз. Гайкаларды тарту үшін гайка кілтін пайдаланбаңыз.




2. Шлангыларды қосқаннан кейін ағатын жерлерді тексеру үшін крандарды толығымен ашыңыз. Ағып кету жағдайында кранды жабыңыз және гайканы бұрап шешіп алыңыз. Төсемді тексеріңіз және гайканы тағы бір рет мұқият тартыңыз. Мүмкін болатын ағып кетулерді және осыған байланысты залалдарды болдырмау үшін, машина пайдаланылмаған кезде, крандарды жабыңыз.

6-Қадам. Суды ағызу

- Ағызу шлангысының ұшын тікелей кәрізге қосу керек немесе раковинаға шығару керек.

⚠	Егер ағызу кезінде шланг қосылған жерден жұлынып қалса, су бүкіл үйге ағып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, күйік қаупі бар, себебі су температурасы өте жоғары болуы мүмкін! Мұндай жағдайларды болдырмау үшін, сондай-ақ суды беру және ағызу жүйелерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін ағызу шлангының ұшын сенімді бекітіңіз.

- Шлангіні 40 см-ден 100 см-ге дейінгі биіктікке бекіту қажет. Егер шлангыны еден деңгейінен 40 см-ден кем биіктікте салып, кейіннен көтеру керек болса, суды ағызу қиын болады, және киім-кешек дымқыл болып қалады. Сондықтан суретте көрсетілген биіктіктің параметрлерін сақтау керек.:



- Кір жуғыш машинаға кір судың түсуін болдырмау үшін және шлангының ұшын кедергісіз ағызуды қамтамасыз ету үшін ағызу тесігіне 15 см-ден тереңірек

батырылмаған жөн. Егер шлангы тым ұзын болса, оны кесіп тастау керек.
- Ағызу шлангысының майысусыз салынуын және ештеңемен қысылмауын, ал ағызу шлангысының соңы бұралмауын қадағалаңыз.
- Егер шлангы тым қысқа болса, оны фирмалық ұзартқыш шлангымен ұзартыңыз. Шлангының жалпы ұзындығы 3,2 м-ден аспауы тиіс. Судың ағып кетуін болдырмау үшін ағызу шлангысы мен ұзартқыш шлангыны жалғау үшін тиісті қамытты қолдану қажет.

7-Қадам. Электр желісіне қосу

Бұл құрылғыны 16 А сақтандырғышпен қорғалған, жерге қосылған розеткаға қосу керек. Жергілікті ережелерге сәйкес орындалған жерге қосуы болмаған жағдайда, дайындаушы-компания залалды өтеу бойынша кез келген жауапкершіліктен бас тартады.
- Қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Аспапты қуаттандыру бауын электр желісіне қосу орны оңай қолжетімді болғанай етіп орнату қажет.
- Егер сіздің үйіңізде 16 А-ден аз токқа есептелген сақтандырғыш немесе автоматты ажыратқыш орнатылған болса, 16 А сақтандырғышты орнату үшін білікті электрикке жүгініңіз.
- Желідегі кернеу «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілген кернеуге сәйкес болуы тиіс.
- Өнімді ұзартқыштар немесе бірнеше ұяшығы бар розеткалар арқылы электр қуаттандыру желісіне қосуға тыйым салынады.

⚠	Бүлінген қуаттандыру бауын тек фирмалық сервис орталығының маманы ғана ауыстыруы керек.

3.2. Бұйымды тасымалдау

1. Тасымалдау алдында бұйымды электр желісінен ажыратыңыз.
2. Құю және ағызу шлангыларын ажыратыңыз.
3. Құрылғыда қалған суды төгіңіз. 6.5. қараңыз
4. Тасымалдау бұрандаларын оларды шешіп алуына кері ретпен орнатыңыз 3 қар. (3-қадам).

ⓘ	Егер сақтандырғыш тасымалдау бұрандалары орнатылмаса, бұйымды тасымалдауға тыйым салынады.

4 Кір жууға дайындау

4.1. Киім-кешекті сұрыптау

- Киім-кешекті матаның түрі, түсі, ластану дәрежесі және жуудың рұқсат етілген температурасы бойынша сұрыптаңыз.
- Киім мен киім-кешектің жапсырмаларындағы нұсқауларды орындаңыз.

КИІМ-КЕШЕКТІ ЖУУ ТАҢБА

Кір Жуу	Машинамен кір жуу таңбалары	Әдеттегі кір жуу	Үтіктеусіз		Нәзік кір жуу	Қолмен кір жуу	Жууға жарамайды	Сығусыз
	Температурасы	Максимум	95°C	70°C	60°C	50°C	40°C	30°C
		Таңба(лар)	••••	•••	••	•••	••	•

Кептіру	Кептіруді баптау	Кептіргіш машинада кептіруге болады		Үтіктеусіз		Нәзік кептіру	Кептіргіш машинада кептірмеңіз		Кептірмеңіз		Химиялық тазалауға тыйым салынған
	Кептіру параметрлері	Кез келген температурада	Жоғары температурада	Орташа температурада	Төмен температурада	Қыздырусыз	Кептіру үшін іліп қойыңыз	Кептіру үшін жайып қойыңыз	Кептіру үшін дымқыл күйінде іліп қойыңыз	Кептіру үшін көлденекке жайып қойыңыз	Химиялық тазалауға рұқсат етілген

Үтіктеу	Үтіктеу			
	Құрғақ үтікпен немесе бумен	Жоғары температурада үтіктеу	Орташа температурада үтіктеу	Төмен температурада үтіктеу	Үтіктемеу	Бусыз үтіктеу
	Максималды температура	200°C	150°C	110°C		

Ағартқыш	Барлық ағартқыштар жарамды	Ағартқышты қолдануға болады (Натрий гипохлорит)	Ағартуға болмайды	Құрамында хлоры жоқ ағартқыштарды ғана пайдалануға жол беріледі

4.2. Киім-кешекті жууға дайындау

- Металл элементтері бар киім-кешекті (мысалы, сүйектері бар бюстгальтерлер, қапсырмалы белдіктер мен металл түймелер) машинаны зақымдауы мүмкін. Жуар алдында металл бөлшектерді шешіп алыңыз немесе киім-кешекті торлы қапшыққа немесе жастықтың тысына салыңыз.
- Қалталардан барлық заттарды (монеталар, қаламдар, қыстырғыштар және т.б.) алып, оларды тексеріп, тазалаңыз. Бөгде заттардың болуы машинаның зақымдануына әкелуі немесе жұмыс кезінде қатты шу тудыруы мүмкін.
- Ұсақ заттарды (балалар шұлықтарды, нейлон шұлықтарды және т.б.) торлы қапшыққа немесе жастықтың тысына салыңыз.
- Гардинderді барабанға жазылған күйінде салу керек. Жуар алдында олардан бекітпелерді алып тастаңыз.
- Жүгіртпесін жауп қойыңыз, босап қалған түймелерді тігіп қойыңыз, жыртықтарды жамаңыз және сөгілгендерді тігіп қойыңыз.
- «Машинамен кір жуу» немесе «қолмен кір жуу» заттаңбасы бар бұйымдарды жуу үшін тек тиісті бағдарламаларды пайдаланыңыз.
- Түрлі-түсті және ақ киім-кешектерді бірге жумаңыз. Жаңа түрлі-түсті киім-кешек қатты өңуі мүмкін. Оны бөлек жуыңыз.
- Жуу алдында қатты ластанған жерлер мен дақтарды тиісті түрде өңдеу қажет. Құмәнданған жағдайда химиялық тазартуға жүгініңіз.
- Бояуға немесе түстерді қалпына келтіруге арналған құралдарды және машинамен жууға жарайтын жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз. Қаптамадағы нұсқаулықтарды міндетті түрде орындаңыз.
- Шалбар мен жұқа іш киімдерді ішін сыртқа аударып жуыңыз.
- Ангор жүнінен жасалған бұйымдарды жуу алдында бірнеше сағатқа мұздатқыш камераға салып қойыңыз. Бұл жүннің жабағылануын азайтады.
- Ұнмен, әкпен, құрғақ сүтпен және т.б. қатты ластанған киім-кешекті машинаға жүктер алдында қағу керек. Мұндай түрдегі ластанулар уақыт өте келе машинаның ішкі компоненттерінде жиналып қалуы мүмкін және оның зақымдануына себеп болады.

4.3. Электр энергиясын үнемдеу бойынша ұсыныстар

Бұл ұсыныстар қоршаған ортаны ластамай үнемді кір жууға көмектеседі.

- Таңдалған бағдарлама бойынша максималды киім-кешекті машинаға жүктеңіз, бірақ машинаны артық жүктемеңіз (қара. «Энергияны тұтыну және бағдарламаларды таңдау кестесі» қара.).
- Жуу құралының қаптамасында келтірілген нұсқаулықтарды қатаң сақтаңыз.
- Аз ластанған киім-кешекті төмен температурада жуыңыз.
- Аз мөлшерде кір жуу үшін қысқа бағдарлааларды пайдаланыңыз.
- Жоғары температурада тек қатты ластанған киім-кешекті немесе дақтары бар киім-кешекті жуу және жібіту үшін пайдаланыңыз.
- Егер сіз кептіргіш автоматында киім-кешекті кептіруді жоспарласаңыз, сығудың максималды жылдамдығын орнатыңыз.
- Қаптамада көрсетілген жуу құралының мөлшері бойынша нұсқауларды сақтаңыз. Қажетінен артық ұнтақты пайдаланбаңыз.

4.4. Алғаш рет қосу

Бұйымды пайдалануды бастамас бұрын «Орнату» және «Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі маңызды нұсқаулықтар» бөлімдерінде сипатталған барлық қажетті дайындық процедураларын орындаңыз.
Кір жуғыш машинаны кір жууға дайындау үшін «Барабанды тазалау» бағдарламасын іске қосыңыз. Егер машинада мұндай бағдарлама жоқ болса, 6.2-тармағында сипатталған әдісті қолданыңыз.

	Кір жуғыш машиналарға арналған жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз.
	Кір жуатын машинада дайындаушы-кәсіпорында сапаны бақылау процесінде пайдаланылған біраз су қалуы мүмкін. Бұл машина үшін қауіп тудырмайды.

4.5. Жүктеудің дұрыс көлемі

Жүктеудің максималды көлемі киім-кешектің түріне, ластану дәрежесіне және қолданылатын жуу бағдарламасына байланысты. Машина автоматты түрде жүктелген киім-кешектің салмағына сәйкес су көлемін реттейді.

	Бағдарламаларды таңдау және энергияны тұтыну кестесінде» келтірілген мәліметтерді пайдаланыңыз. Жүктеудің рұқсат етілген көлемінің артуы жуу сапасының нашарлауына, сондай-ақ машинаның жұмыс істеуі кезінде жоғары діріл мен шуылға алып келеді.

Киім-кешектің түрі	Құрғақ салмақ (г)
Шомылу халаты	1200
Майлықтар	100
Көрпе тысы	700
Простыня	500
Ақжайма	200
Жастық тысы	250
Дастарқан	200
Сүлгі	100
Қолға арналған сүлгі	200
Іш киім	100
Ерлердің жұмыс комбинезоны	600
Ерлерге арналған көйлек	200
Ерлерге арналған пижама	500
Блузалар	100

4.6. Киім-кешекті жүктеу

1.Жүктеу люгінің есікшесін ашыңыз.
2.Киім-кешекті түзеп, оны сықпай машинаға жүктеңіз.
3.Есікті жабыңыз және құлыптың сыртылы естілгендей етіп басыңыз. Киім-кешек есікшеге қыстырылып қалмауын қадағалаңыз.


	Бағдарламаны орындау кезінде жүктеу люгінің есігі бұғатталады. Есікті бағдарлама аяқталғаннан кейін біраз уақыт өткеннен кейін ғана ашуға болады.
	Егер киім-кешек барабанға дұрыс таратылып салынбаса, бұл машина жұмыс істеп тұрғанда жоғары діріл мен шу тудыруы мүмкін.

4.7. Жуу құралы мен кондиционерді пайдалану

	Жуу құралын, кондиционерді, крахмалды, маталарға арналған бояғышты, ағартқышты немесе әктас қағын кетіретін құралды пайдаланған кезде, жуу құралын қолдану және мөлшерлеу жөніндегі дайындаушының нұсқаулықтарын қатаң орындаңыз. Егер бар болса, мөлшерлеу тостағанын пайдаланыңыз.

Жуу құралдарын таратқыш

Жуу құралдарын таратқыштың үш бөлімшесі бар:
- (1) жібіту үшін
- (2) негізгі кір жуу үшін
- (3) кондиционер үшін
- (4) сонымен қатар, кондиционерге арналған бөлімшеде сифон бар.



4 Кір жууға дайындау


Жуу бағдарламасын орындау кезінде жуу құралдарын таратқышты ашық қалдырмаңызла!

«1» бөлімі – сулау үшін:
- Жібіту бағдарламасын пайдаланғанда, жібіту бөлімшесіне жуу құралдарын («1» бөлімшесі) жүктемеңіз.
- «1» бөлімінде сұйық немесе таблеткадағы жуғыш заттарды қолданбаңыз.
- Жуу құралы арнайы қапшықта немесе үлестіргіш шаригінде пайдаланылса, жібіту бағдарламасын таңдамаңыз. Арнайы қапшықтағы жуу құралын немесе үлестіргіш шарикті машина барабанындағы киім-кешектің арасына салыңыз.

«2» бөлімі - негізгі жууға арналған:
- Жуу бағдарламасын бастамас бұрын жуғыш затты «2» бөліміне салыңыз.
- Егер сұйық жуғыш затты пайдаланғыңыз келсе, содан кейін нұсқаулық қалтасынан қақпақты алыңыз және оны тартпаға салыңыз, қақпақ төмен (жабық) күйде болуы керек. Ол сұйық жуғыш затқа тосқауыл ретінде қызмет етеді.



- Жуғыш затты қолдансаңыз, демпфер жоғары (ашық) күйде болуы керек. Сондай-ақ, қақпақты орнатпай-ақ ұнтақты жуғыш заттарды қолдануға болады.



Қақпақты қажет болған жағдайда сумен шайыңыз.

Кешіктіріп бастау кезінде сұйық жуғыш заттар кірде дақ қалдыруы мүмкін. Кешіктіріп бастау функциясы пайдаланылса, сұйық жуғыш заттарды қолданбау керек.

«3» бөлімі - кондиционер үшін:
- Кондиционерді жуу құралдарын таратын тиісті бөлімшесіне жүктеу керек.
- Кондиционерді тарату бөлімшесіне максималды деңгей белгісінен (>max<) жоғары қоспаңыз.
- Егер кондиционер ағуы жойылса, таратқышқа қосар алдында оны сумен араластырыңыз.

Жуу құралын таңдау

Жуу құралының түрін таңдау матаның түрі мен түсіне байланысты.
- Түрлі-түсті және ақ киім-кешек үшін әр түрлі жуғыш заттарды пайдалану керек.
- Ұқыпты қарауды талап ететін киім-кешек үшін тек арнайы жуу құралдарын (сұйық құралдар, жүн және т.б. арналған құралдар) пайдалану керек.
- Қара маталардан жасалған бұйымдар мен құрақ көрпелерді жуу үшін сұйық жуу құралдарын пайдалану ұсынылады.
- Жүн бұйымдарын жуу үшін арнайы жүнге арналған жуу құралдарын пайдалану керек.

Кір жуатын машиналарға арналған жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз.

Сабын ұнтағын пайдаланбаңыз.

Жуу құралдарын мөлшерлеуі

Жуу құралын мөлшерлеу киім-кешектің санына, судың ластану дәрежесі мен кермектілігіне байланысты.
- Көбіктің аса көп пайда болуын, сапасыз шаюды болдырмау үшін, сондай-ақ құралдарды үнемдеу үшін және, сайып келгенде, қоршаған ортаны қорғау үшін жуу құралының қаптамасында ұсынылған мөлшерден аспаңыз.
- Аз мөлшердегі онша ластанбаған киім-кешекті жуу үшін жуу құралының аз мөлшерін пайдаланыңыз.

Капсулдағы және таблетка түріндегі жуу құралдары
- Жуғыш затты капсулада қолдансаңыз, жуу алдында оны тікелей барабанға салыңыз.
- Таблеткадағы жуу құралдарын жуу құралдарын («2» бөлімі) таратқышқа, сондай-ақ кір жуу алдында тікелей барабанға салуға да болады.

Таблеткадағы жуу құралдарын пайдалану кезінде таратқыш бөлімшесінде жуу құралының біраз мөлшері қалуы мүмкін. Мұндай жуу құралын кір жуу алдында киім-кешек арасына барабанға (барабанның төменгі бөлігіне) салған жақсырақ болады.

Крахмалды қолдану
- Сұйық крахмалды, ұнтақ тәрізді крахмалды немесе матаға арналған бояғышты кондиционердің бөлімшесіне қосу керек.
- Кондиционерді және крахмалды бір уақытта пайдаланбаңыз.
- Крахмалды қолданғаннан кейін барабанды таза дымқыл матамен сүртіп алыңыз.

Ағартқышты қолдану
- Жібіту бағдарламасын таңдап, жібіту циклының басында ағартқышты қосыңыз. Жуу құралын жібіту бөліміне жүктеуге болмайды. Сондай-ақ, шаюдың қосымша циклы бар бағдарламаны таңдауға және шаюдың бірінші циклы үшін машина су алған кезде негізгі жууға арналған бөлімшеге ағартқышты жүктеуге болады.

4 Кір жууға дайындау


- Ағартқышты жуу құралымен араластырмаңыз.
- Ағартқыштың аз мөлшерін пайдаланыңыз (шамамен 50 мл) және киім-кешекті мұқият шайыңыз, өйткені ағартқыш терінің тітіркенуін тудыруы мүмкін. Ағартқышты киім-кешекке құймаңыз және оны түрлі-түсті киім-кешекті жуу кезінде пайдаланбаңыз.
- Оттекті ағартқышты пайдалану кезінде төмен температурадағы бағдарламаны таңдаңыз.
- Оттекті ағартқыштарды жуу құралымен бірге пайдалануға болады. Алайда, егер олар консистенциясы бойынша өзгеше болса, алдымен «2» бөліміне жуу құралыны ағартқыштарды жуу құралымен бірге пайдалануға болады. Алайда, егер олар консистенциясы бойынша өзгеше болса, алдымен «2» бөлім

4.8. Тиімді жууға арналған кеңестер

		Киім-кешек			
		Ашық және ақ	**Түрлі-түсті маталар**	**Қара**	**Нәзік / жүн / жібек бұйымдары**
Ұсынылатын температура диапазоны:		40–90 °C	Суық су – 40°C	Суық су – 40°C	Суық су – 30°C
Ластану дәрежесі	**Елеулі ластану** (Қиын кететін дақтар, мысалы, шөптің, кофенің, жемістер мен қанның)	Дақтарды алдын ала өңдеу немесе жуу қажеттілігі туындауы мүмкін. Ақ киімді жууға ұсынылатын ұнтақ тәрізді және сұйық жуу құралдарын қатты ластанған заттарды жууға қолайлы мөлшерлерде пайдалануға болады. Ұнтақ тәрізді жуу құралдары саз бен жерің дақтарын, сондай-ақ ағартқыштарға сезімтал дақтарды кетіру үшін пайдалану ұсынылады.	Түрлі-түсті киім-кешекті жууға ұсынылатын ұнтақ тәрізді және сұйық жуу құралдары едәуір ластанған заттарды жууға арналған мөлшерде қолдануға болады. Ұнтақ тәрізді жуу құралдарын саз бен жердің дақтарын, сондай-ақ ағартқыштарға сезімтал дақтарды кетіру үшін пайдалану ұсынылады. Құрамында ағартқышы жоқ жуу құралдарын пайдаланыңыз.	Түсті және қою түсті кірлерді жууға ұсынылатын сұйық жуғыш заттарды дақтардың осы түріне сәйкес мөлшерлерде пайдалануға болады.	Нәзік заттарды жуу үшін сұйық жуу құралдарын таңдауға басымдық беріңіз. Жүн және жібек заттарды жүн бұйымдарын жууға арналған арнайы жуу құралдарымен жуу керек.
	Орташа ластану (Мысалы, жағалар мен жеңдерде терімен жанасудан пайда болған дақтар) **Елеусіз ластану** (Көзге көрінетін дақсыз)	Ақ кірді жууға ұсынылатын ұнтақ және сұйық жуғыш заттарды орташа және аз ластанған заттарды жууға жарамды мөлшерлерде пайдалануға болады.	Түсті кірлерді жууға ұсынылатын ұнтақ және сұйық жуғыш заттарды орташа және аз ластанған заттарды жууға жарамды мөлшерлерде пайдалануға болады. Құрамында ағартқышы жоқ жуғыш заттарды қолданыңыз.		

5 Машинаны пайдалану

5.1. Басқару панелі



1. Бағдарламаларды таңдау тұтқасы
2. Дисплей
3. «Кейінге қалдырылған старт» батырмасы
4. Бағдарламаны орындау барысы индикаторы
5. Бастау/Кідіріс» батырмасы
6. 3 қосымша функция батырмасы
7. 2 қосымша функция батырмасы
8. 1 қосымша функция батырмасы
9. Сығу жылдамдығын таңдау батырмасы
10. Температураны таңдау батырмасы

5.2. Кір жуғыш машинаны дайындау

1. Құбыршектердің сенімді жалғанғанын тексеріңіз.
2. Машинаны электр желісіне қосыңыз.
3. Кранды толық ашыңыз.
4. Кірді машинаға салыңыз.
5. Жуғыш зат пен кондиционерді қосыңыз.

5.3. Бағдарламаны таңдау және тиімді жуу бойынша ұсыныстар

1. Кірдің түріне, оның мөлшеріне, ластану дәрежесіне және жуу температурасына сәйкес «Бағдарламалар және энергияны тұтыну кестесінен» бағдарламаны таңдаңыз.
2. Бағдарламаны таңдау тұтқасын пайдаланып қажетті бағдарламаны таңдаңыз.

Синтетика бағдарламалары үшін бағдарлы мәндер						
	Максималды жүктеме (кг)	Су шығыны (л)	Энергияны тұтыну (кВт/сағ)	Бағдарлама ұзақтығы (минималды)	Қалдық ылғалдылығы (%) ** ≤ 1000	Қалдық ылғалдылығы (%) ** > 1000
Синтетика 60	2.5	62	1.15	105/140	45	40
Синтетика 40	2.5	60	0.70	105/140	45	40
*Таңдалған бағдарламаның орындалу уақыты машина дисплейінде көрсетіледі. Нақты жуу уақыты дисплейдегі мәннен сәл өзгеше болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.						
**Сығудан кейінгі ылғалдылық таңдалған айналу жылдамдығына байланысты өзгеше болуы мүмкін.						

5 Машинаны пайдалану

5.4. Бағдарламалар мен энергияны тұтынуды таңдау кестесі

						Қосымша атқарымдар			
Бағдарлама		Максималды жүктеме (кг)	Су шығыны (л)	Энергияны тұтыну (кВт/сағ)	Сығудың максималды жылдамдығы (айн/мин)	Жібіту	Жылдам жуу	Қосымша шайқау	Оңай үтіктеу
Мақта	90 дейін	6	80	2.15	1000	•	•	•	•
Мақта	60 дейін	6	80	1.65	1000	•	•	•	•
Мақта	40 дейін	6	77	1.00	1000	•	•	•	•
Мақта Эко	60** дейін	6	45	1.13	1000				
Синтетика	60 дейін	2.5	62	1.15	1000	•	•	•	•
Синтетика	40 дейін	2.5	60	0.70	1000	•	•	•	•
Экспресс	90 дейін	6	62	1.80	1000		•	•	•
Экспресс	60 дейін	6	62	0.90	1000		•	•	•
Экспресс	30 дейін	6	60	0.20	1000		•	•	•
Экспресс + Жылдам жуу	30 дейін	2	40	0.15	1000		•		•
Микс	40 дейін	3	65	0.75	800	•	•		•
Жүн / Қолмен жуу	40 дейін	1.5	45	0.40	1000			•	
Қамқорлы	40 дейін	2.5	48	0.65	800			•	
Мамық	60 дейін	1.5	70	1.10	1000			•	
Спорт / Мембрана	40 дейін	2.5	44	0.45	1000	•			
Қара киімдер / Джинсы	40 дейін	2	70	0.75	1000	•	•	*	•
Іш киім	30 дейін	1	52	0.25	600			*	
Жейделер	60 дейін	2.5	55	1.10	800	•	•	•	•
Анти-аллергия	90 дейін	6	99	2.30	1000			*	
Барабанды тазарту	90 дейін	-	68	2.00	600				

• : Таңдау мүмкіндігі.
* :Таңдау автоматты түрде жүзеге асырылады, оны болдырмауға болмайды.
** : Бұл бағдарлама барабан толық жүктелгенде және максималды айналымда EN 60456 стандартына сәйкес эталондық бағдарлама болып табылады.

	Электр энергиясын үнемдеу мақсатында жуудың нақты температурасы бағдарламалар кестесінде көрсетілгеннен төмен болуы мүмкін.
	Су мен электр энергиясын және уақытты тұтынудың нақты мәндері судың қысымына, температурасы мен кермектілігіне, қоршаған ортаның температурасына, кірдің түрі мен мөлшеріне, қосымша атқарымдарды қолдануға және сығу жылдамдығына, сондай-ақ электрмен жабдықтау желісіндегі кернеуге байланысты кестеде көрсетілгеннен ерекшеленуі мүмкін.
	Машинаға салынған кірдің мөлшеріне байланысты бағдарламада көрсетілген орындау уақыты мен жұмсалуы кестесі және жуу ұзақтығының нақты уақыты арасында 1-1,5 сағаттық айырмашылық болуы мүмкін.
	Қосымша атқарымдар жиынтығы кір жуғыш машинаның моделіне байланысты кестеде көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

5.5. Негізгі бағдарламалар

Матаның түріне байланысты кір жуудың келесі негізгі бағдарламаларын пайдаланыңыз.

5 Машинаны пайдалану

• Мақта
Бағдарлама мақтадан жасалған берік бұйымдарды жууға арналған (төсек жабдықтары, сүлгілер, суға түсетін халаттар, іш киімдер және т.б.). Егер жылдам жуу функциясын белсендіру батырмасы басылса, бағдарламаның ұзақтығы айтарлықтай қысқарады, алайда барабанның қарқынды қозғалысы есебінен тиімді жуу қамтамасыз етіледі. Егер жылдам жуу функциясы таңдалмағанболса, өте ластанған киім-кешектің керемет жуылуы және шайылу қамтамасыз етіледі.

•Синтетика
Бұл бағдарлама синтетикалық бұйымдарды (жейделер, блузкалар, синтетикалық/мақта-мата аралас маталар және т.б.) жуу үшін қолданылады. Егер жылдам жуу функциясын іске қосу батырмасы басылса, бағдарламаның ұзақтығы айтарлықтай қысқарады, алайда бұл барабанның қарқынды қозғалысы есебінен тиімді жууды қамтамасыз етеді. Егер жылдам жуу функциясы таңдалмаса, қатты ластанған кірді сапалы жуу және шаю қамтамасыз етіледі.

•Жүн / Қолмен кір жуу
Жүн немесе нәзік бұйымдарды жуу үшін қолданыңыздар. Бұйымдарды жуу температурасын киім-кешектің заттаңбасында көрсетілген ақпаратқа сәйкес таңдау керек. Осы бағдарлама арқылыкиім-кешекті зақымдамау үшін кір жуу өте қамқорлы орындалады.

•Мақта Эко (үнемді режим)
Бұл бағдарламаның көмегімен мақта мен зығырдан жасалған орташа ластанған берік маталарды жууға болады. Жуу басқа бағдарламаларды қолданғаннан гөрі ұзаққа созылады, бірақ электр қуаты мен суды айтарлықтай үнемдеу қамтамасыз етіледі. Судың нақты температурасы көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Машинаға киім-кешектің аз көлемін салу кезінде (мысалы, барабан көлемінің жартысы немесе одан аз) бағдарламаның кезеңдерін орындау уақыты автоматты түрде қысқаруы мүмкін. Осылайша, энергия мен суды тұтыну азаяды және жуу үнемді болады.

•Аллергияға қарсы
Осы бағдарламаның көмегімен киім-кешекті (балалар киімдерін, көрпе тыстарын, төсек жабдықтарын және іш киімдерді және т. б.) жуыңыз, оған жоғары температура мен ұзақ қарқынды циклдар жағдайында аллергияға қарсы және гигиеналық жуу қажет. Гигиенаның жоғары деңгейіне ұзақ қыздыру және қосымша шаю кезеңі арқылы қол жеткізіледі.

•Қамқорлы
Бағдарлама мақта/синтетика немесе трикотаж қоспасынан жасалған тоқылған бұйымдар сияқты нәзік киімдерді жууға арналған. Бұл бағдарлама кір жудың нәзігірек режимін қамтамасыз етеді. 20 градус температурада немесе суық жуу функциясын таңдау арқылы өңіп кетуі мүмкін бұйымдарды жуыңыз.

•Экспресс
Бұл бағдарламаны аз ғана ластанған және дақтары жоқ мақтадан жасалған бұйымдарды жуу үшін қысқартылған циклмен пайдаланыңыз. Жылдам жуу функциясы таңдалғанда, бұл бағдарламаның ұзақтығын 14 минутқа дейін қысқартуға болады. Жылдам жуу функциясын таңдағанда максималды 2 кг кір жууға болады.

•Қара заттар / Джинсылар
Бұл бағдарламаны қара киімнің немесе джинсылардың түсін сақтау үшін пайдаланыңыз. Осы бағдарламаның көмегімен барабанның арнайы қозғалысы есебінен төмен температурада да жоғары тиімді жуу қамтамасыз етіледі. Қара киім-кешекті жуу үшін сұйық жуу құралдарын немесе жүнге арналған құралдарды пайдалану ұсынылады. Құрамында жүні бар нәзік заттарды жууға болмайды.

•Микс
Сұрыптаусыз мақта және синтетикалық маталардан жасалған бұйымдарды бірге жуу үшін қолданылады.

•Жейделер
Бұл бағдарлама мақтадан, синтетикалық және аралас маталардан жасалған жейделерді бір уақытта жууға арналған.

• Машина жуғыш затқа арналған тартпадан су ала бастағанда, алдын-ала өңдеу химиялық затты тікелей киімге жағу немесе оны жуғыш затқа қосу ұсынылады. Осылайша сіз анағұрлым аз уақыт жұмсай отырып, әдеттегі және жуу кезіндегідей тиімділікке қол жеткізе аласыз.Көйлектеріңіздің ұзаққа жарамдылығы ұзартылады.

•Спорт / Мембрана
Бұл бағдарлама мақта мен синтетикалық қоспадан тұратын, сондай-ақ мембраналық су өткізбейтін материалдардан және т. б. спорттық және сыртқы киімдерді жууға арналған. Ол арнайы айналмалы қозғалыстардың арқасында сіздің киіміңізді нәзік жуылуын қамтамасыз етеді.

•Іш киім
Тек қолмен жууға болатын ұқыпты жууды талап ететін кімдерді, сондай-ақ нәзік іш кімдерді жууға арналған. Бұйымдардың аздаған мөлшерін кір жууға арналған торлы қапшықта жуған жөн. Ілгектер, т үймелер, сыдырмалар және т.б. бекітілуі тиіс.

•Мамық
Бұл бағдарламаның көмегімен «машинада жууға болады» деген жазуы бар және қауырсындары бар курткаларды, кеудешелерді, курткаларды жууға болады.

•Шаю
Жеке шаю циклы, оны жай шаю үшін ғана немесе киім-кешекті крахмалдауға қолдануға болады.

•Сығу+Ағызу
Бұл бағдарлама киімнен суды алып тастауға немесе машинадан суды ағызуға мүмкіндік береді.

Жұқа киім-кешек үшін сығудың төмен жылдамдығын орнату керек.

5.6. Машинаны пайдалану

Жаңа бағдарламаны таңдаған кезде температура индикаторында осы бағдарлама үшін ұсынылған температура көрсетіледі. Температураны өзгерту қажет болса, температураны таңдау батырмасын басыңыз: температура бірте-бірте төмендейтін болады.

Егер бағдарлама әлі суды қыздыру циклын бастамаса, машинаны «Кідіріс» режиміне ауыстырмай, температураны өзгертуге болады.

5.7. Сығу жылдамдығын таңдау

Бағдарламаны таңдағанда, дисплейде осы бағдарлама үшін ұсынылған сығу жылдамдығы көрсетіледі. Сығу жылдамдығын өзгерту үшін, сығу жылдамдығын таңдау батырмасын басыңыз. Сығу жылдамдығы біртіндеп азаяды. Содан кейін машина моделіне байланысты дисплейде «Сумен тоқтау» және «Сығусыз» функциялары бейнеленеді.

Сумен тоқтау

Егер кір жуу бағдарламасын аяқтағаннан кейін бірден киім-кешекті түсірудің қажеті жоқ болса, киім-кешектің қыртыстануын болдырмау үшін сумен тоқтату функциясын пайдалануға болады. Бұл функция соңғы шаюдан кейін іш киімді суда қалдыруға мүмкіндік береді. Егер содан кейін киім-кешекті сығусыз суды ағызу қажет болса, «Старт/Кідіріс» батырмасын басыңыз. Суды ағызғаннан кейін бағдарлама жұмысын қайта бастайды және жуу циклын аяқтайды.

Суда қалдырылған киімді сығу үшін, сығу жылдамдығын таңдап, «Старт/ Кідіріс» түймесін басыңыз. Бағдарламаны орындау жалғасады. Суды ағызу және сығу жүзеге асырылады, содан кейін бағдарлама аяқталады.

Егер бағдарлама әлі сығу циклын бастамаған болса, сығу жылдамдығын машинаны «Кідіріс» режиміне ауыстырмай өзгертуге болады.

5.8. Қосымша функцияларды таңдау

Бағдарламаны іске қоспас бұрын қажетті қосымша функцияларды таңдау керек. Сонымен қатар, машина жұмыс істеп тұрған кезде «Старт / Үзіліс» батырмасын баспай-ақ, орындалатын бағдарламамен үйлесімді қосымша функцияларды таңдай аласыз немесе алып тастай аласыз. Ол үшін машина таңдауды қалайтын алып тастағыңыз келетін қосымша функцияның алдындағы сатыда болуы тиіс. Егер қосымша функцияны таңдау немесе алып тастау мүмкін болмаса, тиісті функция индикаторы 3 рет жыпылықтау түрінде ескерту береді.

Егер қосымша функция бағдарламаға сәйкес келмесе, оны таңдауға болмайды. («Бағдарламалар мен энергияны тұтынуды таңдау кестесін» қараңыз).

Машинаны іске қоспас бұрын бірінші таңдалған функцияға сәйкес келмейтін функцияны таңдаған жағдайда, соңғы таңдалған функция қосылады, ал алдыңғы функция жойылады.

5.8.1. Қосымша функциялар

• Жібіту

«Жібіту» функциясы тек қатты ластанған кір үшін қажет. Электр қуатын, суды, жуғыш заттарды және уақытты үнемдеу үшін қажет болмаған жағдайда жібітуді қолданбаңыз. Бұл функция таңдалғанда, кірлер аз сумен қарқынды түрде жуылады және осы кезеңнің соңында су қосылғаннан кейін жуу циклы жалғасады. Бұл дақтарды тезірек кетіруді қамтамасыз етеді.

Перделер мен селдір тұтас перделерді жуу үшін жуғыш затсыз алдын-ала жуу ұсынылады.

•Жылдам жуу

Бұл функцияны таңдаған кезде тиісті бағдарламаның ұзақтығы 50 %-ға қысқарады. Жуудың оңтайландырылған кезеңдерінің, жоғары механикалық белсенділіктің және суды оңтайлы тұтынудың арқасында қысқа уақыт ішінде тиімді жууға қол жеткізіледі.

Осы қосымша функцияны таңдағанда, бағдарламалар кестесінде көрсетілген кірдің ең көп мөлшерінің жартысын машинаға салу керек.

•Қосымша шайқау

Бұл атқарым негізгі жуу аяқталғаннан кейін берілгенге қосымша ретінде қосымша шайқау циклын орындауға мүмкіндік береді. Осылайша, сезімтал теріні жуғыш заттың қалдықтарымен тітіркендіру қаупі азаяды, бұл балалар, аллергиямен ауыратындар және т. б. адамдар үшін маңызды.

Бұл қосымша функция таңдалғанда, бағдарлама кестесінде көрсетілген кірдің ең көп мөлшерінің жартысы машинаға салынуы керек

5.8.2. Батырмаларды 3 секунд басу және ұстап тұру арқылы таңдалатын функциялар/ бағдарламалар

• Барабанды тазарту 3″

Бағдарламаны таңдау үшін 1 қосымша атқарым батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз. Барабанды тазалауға және зарарсыздандыруға арналған. Бұл бағдарламаны әрбір 1-2 айда қолданған жөн. Бағдарламаны жасамас бұрын жуғыш заттардың қалдықтарын жұмсарту үшін бу қолданылады. Бағдарламаны машина

5 Машинаны пайдалану

толығымен бос болған кезде іске қосу керек. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін кір жуғыш машиналарға арналған қақтан тазарту құралын № «2» жуғыш зат бөліміне салыңыз. Бағдарламаны аяқтағаннан кейін, машинаны ішінен кептіру үшін жүктеу люгінің есігін сәл ашық қалдырыңыз.

	Бұл бағдарлама кір жууға арналмаған. Оны тек кір жуғыш машинаның күтіміне пайдалану керек.
	Егер машинада қайсыбір заттар болса, бұл бағдарламаны іске қоспаңыз. Бұл жағдайда машина барабанның жүктелгенін анықтайды және бағдарламаның орындауын тоқтатады.

• Балалардан бұғаттау 3″

Балалардың машинаның жұмысына араласуына жол бермеу үшін балалардан бұғаттау функциясын қолданыңыз. Бұл орындалатын бағдарламаның өзгеруіне жол бермейді.

	Егер балалардан бұғаттау қосулы тұрған кезде бағдарламаны таңдау тұтқасын бұрасаңыз, дисплейде «Con» жазуы пайда болады. Балалардан бұғаттауды қосқаннан кейін температура мен сығу жылдамдығын өзгерту мүмкін емес, сонымен қатар қосымша функцияларды таңдау немесе болдырмау мүмкін емес.
	Егер бағдарламаны таңдау тұтқасын балалардан бұғаттау қосулы кезінде басқа күйіне бұрасаңыз, ағымдағы бағдарламаны орындау жалғасады.

Балалардан бұғаттау режимін қосу:

3 секунд бойы қосымша функция батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз. Осы батырмаларды 3 секунд бойы басып тұрғанда, дисплейде сәйкесінше «C03, C02, C01» таңбалары пайда болады. Содан кейін, 2 қосымша функциялар батырмасының жарық диоды жыпылықтап тұрған кезде, дисплейде «Con» жазуы пайда болады, бұл балалардан бұғаттаудың қосылғандығын білдіреді. Егер балалардан бұғаттау қосылып тұрған кезде бағдарламаларды таңдау тұтқасын бұрасаңыз немесе қандай да бір батырманы бассаңыз, дәл осындай жазба дисплейде пайда болады.

Балалардан бұғаттау режимін болдырмау үшін:

Жұмыс істеп тұрған кезде 2 қосымша функция батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз. Осы батырмаларды 3 секунд бойы басып тұрғанда, дисплейде сәйкесінше «C03, C02, C01» таңбалары пайда болады. Санақ аяқталғаннан кейін дисплейден «COF» таңбасы жоғалады, бұл балалардан бұғаттау өшірілгенін білдіреді.

	Егер бағдарламалардың ешқайсысы орындалмаса, балалардан бұғаттау режимін «Қос./Сөнд.» күйіне бағдарламаларды таңдау тұтқасын бұру арқылы да өшіруге болады.
	Электр қуаты өшіп қалса немесе машина электр желісінен ажыратылса, балалардан қорғау құлпы белсенді күйінде қалады.

• Оңай үтіктеу 3″

Бұл функция 3-ші қосымша функциясының батырмасын 3 секунд аралығында басып, ұстап тұрудан кейін бағдарламаның сәйкес кезеңінің жүру индикаторы жанғанда таңдалады. Осы функция таңдалғаннан кейін, бағдарлама аяқталғаннан бастап кірдің қыртысталып қалуын болдырмау үшін барабан 8 сағатқа дейін айналады. Бағдарламаны тоқтатып, кірді осы 8 сағат ішінде кез келген уақытта алуға болады. Функцияны бас тарту үшін функцияны таңдау түймесін басыңыз. Функция жойылғанша белгіше жанып тұрады. Егер сіз бұл функциядан бас тартпасаңыз, ол осы функцияны таңдау мүмкіндігі бар басқа бағдарламаларда іске қосылады.

5.9. Кейінге қалдырылған старт

«Кейінге қалдырылған бастау» функциясын қолдана отырып, бағдарламаның аяқталуын 1-ден 19 сағатқа дейін кейінге қалдыруға болады.

	Кейінге қалдырылған старт орнату кезінде сұйық жуу құралдарын пайдаланбаңыз! Киімде дақтар пайда болуы мүмкін.

1.Жүктеу есігін ашыңыз, киім-кешекті жүктеңіз және жуу құралын таратқышқа және т.б. қосыңыз.

2.Кір жуу бағдарламасын, температураны, сығу жылдамдығын таңдап, қажет болса, қосымша функцияларды таңдаңыз.

3.«Кейінге қалдырылған старт» батырмасы арқылы қажетті уақытты орнатыңыз.

4.Бастау/Кідірту түймесін басыңыз. Дисплейде соңына дейін уақыт көрсетіледі. Осыдан кейін бастауға кері санақ басталады.

	Кейінге қалдырылған старт уақытын есептеу кезінде, машинаға киім-кешекті қосуға болады.

5.Кешіктірілген бастау уақыты өткенде, дисплей таңдалған бағдарламаның ұзақтығын көрсетеді. «_» көрсеткіші жоғалып, бағдарлама басталады.

Кейінге қалдырылған старт аралығын өзгерту

Кері санау кезінде старт уақытын өзгерту.

1.«Кейінге қалдырылған старт» батырмасын басыңыз. Батырманы әр басқан сайын аралық 1 сағатқа ұлғайтылады.

2.Аяқтау уақытын қысқарту үшін дисплейде бағдарламаның қажетті аяқталу уақыты пайда болғанша кейінге қалдырылған бастау түймесін басыңыз.

Кейінге қалдырылған старт функциясын жою

Кешіктірілген аяқталу уақытынан бас тарту және бағдарламаны дереу іске қосу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

5 Машинаны пайдалану

1.Бағдарламаларды таңдау тұтқасын кез келген күйге бұраңыз.
2.Содан кейін қажетті бағдарламаны қайта таңдау керек.
3.Бағдарламаны іске қосу үшін «Старт/Кідіріс» батырмасын басыңыз.

5.10. Бағдарламаның орындалу барысы

Бағдарламаның орындалу барысын бағдарламаның орындалу индикаторының көмегімен бақылауға болады. Бағдарламаның әрбір циклінің басында тиісті индикатор қосылады, ал орындалған цикл индикаторы өшеді. Бағдарламаны орындау барысында сіз қосымша функцияларды таңдауды, сығу жылдамдығын және температураны орындалып жатқан бағдарламаны тоқтатпай өзгерте аласыз. Барлық өзгерістерді осы өзгерістер енгізілген кезең басталғанға дейін ғана жасауға болады. Егер өзгерістер орындалатын бағдарламаға сәйкес келмесе, тиісті индикатор үш рет жыпылықтайды.

5.11. Есіктің құлпы жүктелуде

Кір жуғыш машинаның тиеу есігі су деңгейі жоғары болған кезде есіктің ашылуына жол бермейтін құлыптау жүйесімен жабдықталған. Құрылғы тоқтату режиміне ауысқанда, жүк тиеу есігі индикаторы жыпылықтайды және машина барабандағы су деңгейін анықтайды. Су деңгейі қолайлы болса, жүк тиеу есігі индикаторы өшеді және есікті 1-2 минуттан кейін ашуға болады.
Су деңгейі қолайлы болмаса, жүк тиеу есігінің индикаторы тұрақты түрде жанады және есікті ашу мүмкін болмайды. Есік индикаторы қосулы кезде жүк тиеу есігін ашқыңыз келсе, жұмыс істеп тұрған бағдарламадан бас тартуыңыз керек. «Бағдарламадан бас тарту» бөлімін қараңыз.

5.12. Бағдарламаны іске қосқаннан кейін теңшеулерді өзгерту

Машинаны тоқтау режиміне қою

Кір жуғыш машинаның бағдарламасын тоқтау режиміне ауыстыру үшін, «Бастау / Үзіліс» түймесін басу керек. Тоқтату кезінде машинаның тоқтау режимінде екенін көрсету үшін индикатор шамы жыпылықтайды. Егер сіз жүктеу есігін бір мезгілде аша алсаңыз, есіктің индикаторы сөнеді.

Қосымша функцияларды және сығу жылдамдығы мен температураны таңдауды өзгерту

Қосымша функцияларды бағдарламаның кезеңіне байланысты таңдауға немесе бас тартуға болады. «Қосымша функцияларды таңдау» бөлімін қараңыз.
Сондай-ақ, сіз сығу жылдамдығы мен жуу температурасының параметрлерін өзгертуге болады. «Айналдыру жылдамдығын таңдау» және «Температураны таңдау» бөлімдерін қараңыз.

Егер теңшелімдерді өзгертуге тыйым салынса, сәйкес индикатор үш рет жыпылықтайды.

Кірді қосу немесе алу

1.Кір жуғыш машинаны тоқтату режиміне ауыстыру үшін Бастау/Үзіліс түймесін басыңыз. Тоқтау кезінде орындалып жатқан жуу қадамының индикаторы жыпылықтайды.
2.Жүктеу есігі ашылғанша күтіңіз.
3.Есікті ашып, кірді қосыңыз немесе алыңыз.
4.Жүктеу есігін жабыңыз.
5.Қажет болса, қосымша функциялардың, температура мен айналдыру жылдамдығының параметрлерін өзгертіңіз.
6.Бағдарламаны бастау үшін Бастау/Үзіліс түймесін басыңыз.

5.13. Бағдарламаны тоқтату

Бағдарламадан бас тарту үшін бағдарламаны таңдау тұтқасын басқа бағдарламаға сәйкес орынға бұраңыз. Бұрын таңдалған бағдарлама жойылады. Бағдарлама тоқтатылған кезде, Аяқтау/Болдырмау индикаторы үздіксіз жыпылықтайды.
Бағдарламаны таңдау тұтқасын бұру ағымдағы бағдарламадан бас тартады, бірақ машинаның суын төгпейді. Жаңа бағдарламаны таңдап, іске қосқаннан кейін оның орындалуы алдыңғы бағдарламаның тоқтатылған кезеңіне байланысты басталады. Мысалы, машина көбірек суды айдай бастайды немесе барабандағы суды пайдаланып жууды жалғастыра алады.

Алдыңғы бағдарламаның тоқтатылған кезеңіне байланысты жаңа бағдарламаны таңдап, бастағаннан кейін жуғыш зат пен мата жұмсартқышты қосу қажет болуы мүмкін.

5.14. Бағдарламаны аяқтау

Бағдарламаның соңында дисплейде «End» жазуы көрсетіледі:
1. Жүктеу есігінің индикаторы сөнгенше күтіңіз.
2. Кір жуғыш машинаны өшіріңіз.
3. Кірді машинадан шығарып, жүктегіш люк есігін жабыңыз. Кейін машина келесі жууға дайын болады.

5.15. Машинаның «Күту режимінің» ерекшеліктері

Егер машинаны батырма қосқышымен қосқаннан кейін ешқандай бағдарлама іске қосылмаса немесе таңдау сатысында басқа рәсім орындалмаса немесе сіз таңдаған бағдарлама аяқталғаннан кейін екі минут ішінде ешқандай әрекет жасалмаса, машина автоматты түрде қуат үнемдеу режиміне өтеді. Бұл ретте, индикаторлардың жарықтылығы азаяды. Бұдан басқа, егер машинаның дисплейінде бағдарламаның орындалу ұзақтығы бейнеленсе, ол сөнеді. Бағдарламаны таңдау тұтқасын бұрап немесе кез-келген түймені басқаннан кейін

5 Машинаны пайдалану

индикаторлар мен дисплейдің алдыңғы күйі қалпына келеді. Энергияны үнемдеу режимінен шыққан кезде жасалатын теңшелімдер өзгеруі мүмкін. Бағдарламаны іске қоспас бұрын, ағымдағы теңшелімдердің дұрыстығына көз жеткізіңіз. Қажет болса, осы теңшелімдерді қайта орнатыңыз. Бұл ақаулық болып табылмайды.


6 Қызмет көрсету және тазалау

Өнімді үнемі тазалау оның қызмет ету мерзімін ұзартады және көптеген проблемаларды болдырмайды.

